Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

5 қаңтар сейсенбі
№1 (1703)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

САРАПТАМА

2020:ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР

Айдана СЕЙІЛ

Әлемді дүрбелеңге салған тышқан жылын да артта қалдырдық. Бұл жылды еске алсақ алдымен ойға оралатыны коронавирус індеті. Іргеден келген тәжді тажалдың кесірі талайға тиді. Дүние жүзін дүр сілкіндірген пандемия әлі де бәсеңсіген жоқ. Әлемнің алпауыт елдерінің өзі тосырқаған бұл жағдай елімізде былтыр көктемде белең алған. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін төтенше жағдай жарияланды. Жұртшылық үйден шықпай, қашықтан жұмыс істеді, білім алды, тіршілік етуді үйренді. Әйтеуір басқа түскен іске бекем болып, кеселден аман-есен шығудың амалын жасады. Пандемия қарқын алған тұста оның қанша уақытқа созылары белгісіз болған. Дегенмен алдын алу жұмысының нәтижесі болар қиындықты қолдан келгенше еңсеруге тырыстық. Сақтық шарасын сақтай отырып, қалыпты жағдайға көшуге қадам жасалды.

3 БЕТТЕ

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Сөздің қадірін ұққан біледі, Газеттің қадірін оқыған біледі

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Ассалаумағалейкум, қадірлі оқырман! Тышқан жылын артқа тастап, сиыр жылын төрге шығарған 2021-ге де жеттік. Бүгін 2021 жылдың алғашқы санын шығарып отырмыз. Газеттің нағыз иесі – оның оқырманы, жазылушысы. Сол себепті де редактор бағаны арқылы газетімізге жазылған қалың оқырманға алғыс айтуды жөн санадық.

Бүгінде «Гезет деген керек пе?», «Газетке не үшін жазылуымыз қажет?» дейтін азаматтар бар. Олар бүкіл ақпаратты әлеуметтік желі арқылы көріп отыратындарын алға тартады.

Хош делік, әлеуметтік желі арқылы ақпаратты ала алатын шығар, бірақ ондағы кейбір хабарлар екшеліп, түп-тамырына дейін тексеріле бермейді. Оның үстіне қазір үйде неше адам болса, сонша ұялы телефон қолданатын отбасылар бар. Студентін айтпағанның өзінде бесіктегі баласына дейін смартфонның әуенін тыңдап жатады. Көптеген үйдің мектеп жасындағы балалары бөлмелеріне кіріп алып, әлеуметтік желіде отырады. Кино көрсе де, тың ақпарат іздесе де ғаламторды шарлайды. Бір өкініштісі, барлық ата-ана бірдей баласының ғаламтордағы әрекетін бақылауда ұстамайды. Ол бала тілмен айту былай тұрсын, көзбен көруге ұялатын неше түрлі бейнелерді қарауы ықтимал.

Несін жасырамыз, бір адамның ұялы телефонына айына 2000-3000 теңгеге бірлік салынады. Ал осы қаражатқа 6 айға газетке жазылуға болады. Сонда қайсысы арзан, қайсысы тиімді екенін оқырман пайымдай жатар. Бірақ сапалы, нақты, қажетті деген дүниелер баспасөз бетінде екшелетінін ұмытпаған абзал.

«Бұрындары балалар атыс-шабыс киноны көп көреді» дейтін еді, қазір теріс ағымды насихаттайтын діни материалдар ғаламторда толып тұр. Тіпті өріп жүр десе де болғандай. Ал мемлекет тарапынан бақылауға алынған газет-журналда ұлттың тамырына балта шабатын бірде-бір дүние болмайды. Қайта керісінше, танымдық-тарихи, әдеби-мәдени, рухани мақалалар беріледі. Көптің көкейінде жүрген түйінді мәселе айтылса да әбден зерттеледі. Яғни баспасөздегі әр материалды журналистер електен өткізеді. Бұл – газеттің пайдасы артпаса түспегенінің айғағы.

Журналистер өмір бойы қоғамдағы келеңсіздікті, ел ішіндегі түйіні тарқамаған мәселелерді билікке жеткізіп, алтын көпір орнатып отыр. Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі». Қалам ұстаған қауым мұғалім мен дәрігердің айлығы аз екенін қайта-қайта дабыл қаға жазды. Телевидение мен радио журналистері де бұл мәселені аз көтерген жоқ. Нәтижесі қалай болды? Қазір мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы еселеп артты. Әлі де өсе береді. Біз мұғалім мен дәрігерді ғана алға тартып отырмыз. Әйтпесе тілші қауым осы елдегі барлық мәселенің жай-күйін көтеруден шаршаған емес. Сол себепті де газетке жазылуға келгенде түсіністік танытқан жөн деп ойлаймыз. Әрине, біз көпке топырақ шашпаймыз. Баспасөзге жазылуда белсенділік танытқандар жеткілікті. Ондай адамдарды газеттің шын құнын білетін, нарқы мен парқын түсінетін қадірлі де құрметті оқырман санатына жатқызамыз. Осыдан-ақ сөздің қадірін ұққан, газеттің қадірін оқыған білетінін аңғару қиын емес.

Бүгінде басқа салаларға қарағанда білім, денсаулық, мәдениет саласында газетіміздің оқырманы көп екенін біз мақтанышпен айтамыз. Оларға алғаусыз алғыс айтамыз және Қызылорданың басқа да тұрғындарын қалалық газетке қолдау көрсетеді деп үміттенеміз.

СҮЙІНШІ!

68 СӘБИ ӨМІРГЕ КЕЛДІ

Жыл басы жағымды жаңалықпен басталды. Облыста желтоқсанның 31-інен қаңтардың 1-іне қараған түні 68 сәби дүние есігін ашты.

Тура мереке күні орталықта 35 ұл мен 33 қыз өмірге келді. Оның ішінде желтоқсанның 31-нен қаңтардың 1-не қараған түні 13 сәби дүниеге келді. Жаңа жылмен тұспа-тұс дүниеге келгендердің 8-і ұл, 5-уі қыз бала.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЭКОНОМИКА

Президенттің өткен жылғы Жолдауында зейнетақы жинағының бір бөлігін ел игілігіне пайдалануға беру жайын атап айтуы көпшіліктің үмітін оятты. Шынында да, жылдар бойы жинаған зейнетақы жинағын кейде қажетіме жаратсам деген арман кімде де бар екені жасырын емес. Содан да болар, бұл жаңалық жыл бойы қызу пікірталас туғызды. Себебі кім-кім де жинағының бір бөлігін алудан үмітті болатын.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫ: кім қайда жұмсай алады?

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Жаңа жылдың екінші күнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды.

Бұл заң ел азаматтарының зейнетақы жинағындағы ақшаның бір бөлігін алуға мүмкіндік береді. Жинақтағы ақшасынан үмітті ел үшін жағымды жаңалық. Әрине, зейнетке жинаған қаржыны халықтың барлығы жаппай ала аламайтыны әу баста айтылды. Дегенмен «кімдерге бұйырады?» деген сауал қоғамда жоқ емес. Көп көкейіндегі сұрақтың нақты жауабы да бар. Сонымен...

3 БЕТТЕ

АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

АЛАТАУЫМЕН АЯЛАҒАН АЛМАТЫ

4 БЕТТЕ

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ

Міне, күнтізбе бойынша 2021 жылға қадам бастық. Жыл басында біздің оқырмандарды жаңа айдарлар күтіп тұр. Соның бірі – «Атамекен, мен сені білемін бе?» атты айдары. Айта кетейік, 1994 жылы «Ақмешіт апталығы» газеті шыққан кезде дәл осы айдармен мазмұнды мақалалар жарияланған екен. Биылдан бастап біз де осының ізімен әрмен қарай қайта жалғастыруды қолға алдық. Яғни Қазақстанның барлық облысына жазбаша саяхат жасайтын боламыз. Олай болса құрметті оқырман, бізбен бірге айдарымызға шолу жасап, саяхаттауға шақырамыз. Алғашқы қаланы Алатаудың бөктеріндегі апорт алмасымен аты шыққан, бір кездері еліміздің астанасы болған әсем Алматыдан бастаймыз.

ҚАЗАҚ ЖӘЙ САҚ ЕМЕС, ҰЛЫ САҚ

Әзиз ЖҰМАДІЛДАҰЛЫ

Қазақ халқы Ұлы даланы мекендеген Сақтардың ұрпағы екені белгілі. Мұны осы әлемдегі мықты деген тарихшылардың бәрі мойындаған. «Қазақ» атауына қатысты түрлі дерек айтылады. Қайсақ (Қай+Сақ), Қассақ (Қас+Сақ) – нағыз Сақ деп жататындар бар. Бірақ мұның бәрі – жорамал. Қазақ Сақ жұртының ұрпағы болған соң осындай болжамдар жасалған. Алайда осы күнге дейін Қа+зақ сөзінің мағынасын тереңірек зерттеген жоқпыз.

Осыдан 556 жыл бұрын сайын далада көшпелі үрдіспен өмір сүретін, тілдері бір, әдет-ғұрыптары ортақ түрлі рулар мен тайпалар Керей мен Жәнібек сұлтандар көтерген тудың астына біріге білді. Осының арқасында Қазақ хандығы қалыптасып, еркіндікті жандарынан артық санайтын, сәйгүлігін жансерігіне балаған бүтін бір ұлт ортақ мүдде мен ортақ арманның айналасына топтасты. Ғалымдардың ортақ пікіріне сүйенсек, Қазақ хандығы 1465 жылы құрылған. Бұған Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегіндегі деректерді дәлел етуге болады. Сонымен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» және қазақтың заңғар жазушыларының қатарынан саналатын Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан көп мәлімет алуға болады.

«Қазақ» сөзінің мәні мен мағынасын айтпас бұрын әңгімені Қазақ хандығынан бастап отырмыз. Өйткені Қазақ хандығы ірге тіктеген соң «қазақ» сөзі халық аты ретінде орнықканы тарихтан белгілі. Осы атау Қазақ хандығының айналасына топтасқан халықты біріктіре білді. «Керегем – ағаш, Ұраным – Алаш» дейтін жұрттың түп-тамыры түркі де, ал оның арғы тегі сақтар мен ғұндарға барып тіреледі. «Қазақ» атауының шығуын сөз төркінін түсінетін жанның бәрі сақпен байланыстырып жатады.

Алдымен ғалымдардың пікіріне ден қойған абзал. Филология ғылымдарының докторы, профессор Телғожа Жанұзақтың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында «1465 жылы Қазақ хандығы құрылып, XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында қазақ халқы қалыптасып, «қазақ» сөзінің халық аты ретінде берік орнықканы тарихтан мәлім. Сол заманнан бері «қазақ» атауы туралы, оның шығуы, пайда болуы жайлы алуан түрлі пікірлер айтылып та, жазылып та келді» деген ойын білдіреді. Негізінен бұл кісі «Қазақ» сөзінің шығу төркінін тереңірек зерттеген ғалым. Ол 1974 жылы «Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары» атты докторлық диссертациясында біз көтеріп отырған тақырыпты жан-жақты зерделеген. Зерделенген тұжырымды 1982 жылы жарық көрген «Очерк казахской ономастики» атты еңбегінде де жариялады. Осының негізінде «Жұлдыз» журналының 1983 жылғы №3 санында арнайы мақаласы жарық көрді.

Ұлт атауына қатысты мәліметтер 1998 және 2011 жылы құрастырылған «Қазақ энциклопедиясында» да кездеседі. 1998 жылғы энциклопедия Ә.Нысанбаевтың редакторлығымен жарық көрсе, 2011 жылғы энциклопедия Б.Жақыптың басқаруымен басылған.

Энциклопедиялық еңбектерде «Қазақ» сөзіне қатысты бірнеше дерек айтылады. Кавказ болжамы саналатын деректерде «Қазақ» сөзі X ғасырда кездеседі. Н.М.Карамзин, А.Вамбери секілді ғалымдар Шығыс Ромей империясының императоры Константин берген мәліметтер бойынша Казахия елін X ғасырда Кавказдың солтүстік-батысында орналасқан деп санайды. Ал В.Минорский Константин хабарында Казахия деп касогтар айтылатынын дәлелдейді. Араб тарихшысы Әбу-л-Хасан Әли әл-Масуди «Өсиет және қайта қарау кітабы» шығармасында Құбан өзенінің төңірегіндегі тайпалар арасында әл-касакия тайпасын көрсетеді. Неміс ғалымы И.Маркварт бұл екі сөз бір ғана этнос – касогтардың атауын береді деген тұжырым жасайды. Парсы тілді «Худуд әл-алам» кітабында Қара теңіз жағалауында Касаг қаласының орналасқаны жайлы дерек бар. Бұл мәліметтерге қарағанда касах, казахия, касак, кашак, касог алдыңғы орта ғасырларда Кавказдағы шағын тайпа, немесе тайпалар бірлестігін білдіретін атаулар болғаны байқалады.

Моңғол болжамында «қазақ» термині XIII ғасырда кездеседі. Фин ғалымы Г.Рамстедт және А.Семёнов «қазақ» терминін «Қасиетті жылнамада» (XIII ғ.) моңғолша «хасаг-терген арба» ұғымы бар сөз тіркесінен шығарады. Ал Қазақстанды қоныстаған түркі тайпалар осы қос-сөзді пайдаланғанына ешбір тарихи мағлұмат табылмаған. Демек бұл да негізсіз деген сөз. Әйгілі түркітанушы В.Радлов Енесай өзенінің төңірегіндегі көнетүркі мұраларынан «қазғақым оғлым» – «менің асырап алған ұлдарым» деген тіркесті тапқан. Қазғақ және қазақ сөздерінің дыбыс және мағына ұқстастығына сүйеніп, В.Юдин «ғ» дыбысы соңыра түсіп қалып, «қазақ» терминіне айналды деп болжам шығарған. Бұл көзқарас түркі тілдерінің тарихи фонетикалық заңдылықтарымен үйлеспейтіндіктен мамандар тарапынан қолдау таппаған. Кейбір деректерде бұл термин әлеуметтік мәнінде қолданылған «қазақлық» «қашақ» деген атаудан шықты делінеді. «Қазақ» термині 1245 жылы Мәмлүк мемлекетіндегі қыпшақтардың ортасында жазылған ерте қыпшақ жазба ескерткіштерінде кездеседі. Мұнда «қазақ» деген сөз бос кезбе деген мағына береді. Бұл семантикалық ұғым бойынша «қазақ» терминіне әлеуметтік мағына беріледі, яғни еншісі бөлек, үлкен ұлдардың ата шаңырақтан бөлініп уақытша ру, тайпалардан кетіп, күнкөріс үшін әскери жорықтарға қатысуын санаған.

Қолда бар мәліметтерді сараласақ, осындай ұшы-қиыры жоқ дәлелдер шығады. Қанша жерден қазбалап дерек келтірсек те «Қазақ» сөзі ұлт атауы екенін ұмытпаған жөн. Ресей империясында «казактар» аталатын әскери әлеуметтік топ қалыптасуына байланысты XVII ғасырдан XX ғасырдың 25-ші жылына дейін орыс әдебиеттерінде қайсақ, қырғыз, қырғыз-қайсақ, қазақ-қырғыз, киргиз-қазақ деп қасақана бұрмаланып қолданылып, халықтың тарихи атауы аталмай келді.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1925-1929 жылдары Қызылорданың ел астанасы болғаны белгілі. Орынбордан Ақмешітке орталық қаланы ауыстырғанда саяси элита да Сыр бойына келген болатын. Архив құжаттарын негізге ала отырып, тарихи деректерді сөйлетер болсақ, 1925 жылдың сәуірінде Қазақ АКСР кеңестерінің V съезіне сайланған делегаттар мен үкімет мүшелері Ақмешітке келген. Осы қалада сол кезде бес күнге созылған съезд өтіпті. Сұлтанбек Қожанов съезде кезектен тыс сөз алып, Қырғыз республикасын Қазақ республикасы деп атау керек деген ұсыныс тастайды. Съезге қатысушылар Қожановтың ұсынысын қолдап, бірауыздан бекітеді. Осы кезден бастап тарихи қателік жөнделіп, ұлтымыздың атауы ресми түрде қазақ аталады.

Мақаланың басында ұлт атауының негізіне қатысты Қайсақ (Қай+Сақ), Қассақ (Қас+Сақ) – нағыз Сақ деген болжамдар жасалғанын айтқан болатынбыз. Ал енді өзіміздің нұсқаға келейік. Көне Түркі қағанатында билеушіні Қаған (Қа+хан) деп атағанын тарихшылар жақсы біледі. Шыңғыс хан да қаған дәрежесіне көтерілген жан. Қаған сөзінің мағынасы Ұлы хан немесе ұлы билеуші дегенді білдіреді. Сонда «Қа» сөзінің түркілік ұғымы Ұлы болып тұр ғой. Осы болжамды алға тартатын болсақ Қа+зақ сөзі Ұлы Сақ дегенді білдірмей ме?! Сонда Қазақ жәй Сақ емес, Ұлы Сақ болып шығады. Әрине, біз тіл білімі ғылымын терең зерттеп жүрген ғалым емеспіз. Бірақ мамандар біз айтқан нұсқаға да көңіл аударса деген ұсынысымыз бар.

Сыр өңірінің әдеби кеңістігінде фольклор мен жыршы-жыраулар мұрасы ғана емес, жазба ақын-жазушылар еңбегі де ұшан-теңіз. Ауыз әдебиеттің тірегі діни-ағартушылық, тұрмыс-ғұрыптық сана болса, жазба әдебиет заманауи мәдени болмысты шығармашылық өзегіне айналдыра білді. Кейінгі шығармашылық үрдістер де жазба әдебиет дамуынан сабақ алып, бағдар түзеді. Осы орайда Сыр бойынан шыққан ақын-жазушылардың бір парасын оқырман жадына оралтуды жөн көрдік.

ҚАЛАМ ҚҰДІРЕТІ



Сыр жазба қаламгерлері туралы сөз қозғағанда алғы буыны санатындағы Әбділда Тәжібаевтың есімін атамау мүмкін емес. Сыр топырағынан шыққан тұлға тек аймақтағы жазушылардың емес, дүйім Алашқа белгілі ақындардың аузында жүрген аңыз адамға айналды. Көрнекті ақын, драматургтың оқырман қауымға «Көне қоңырау», «Құрдастар», «Толағай», «Жаңа өрімдер» секілді жыр жинағы мен «Оркестр», «Құтқару» атты поэмалары жақсы таныс. Әсіресе, «Сырдария» өлеңі сырбойылық жастардың жатқа оқитын тартымды жырына айналды. Қанша жыл өтсе де өзегін жоймай, маңызын арттыра білген өміршең өлең туған жерге деген махаббат пен сағынышты тоғыстыра білді. Туындыда ақын:

Жазса Тарас Днепрді,
Жазса Пушкин Еділді,
Неге маған жырламасқа
Сырда туған елімді,

– деп Отансүйгіштік, ұлтшылдық қасиетін өлең өрнегімен кескіндеуге тырысқан. Сондықтан Ә.Тәжібаев шығармашылығы елім деген ұрпақтың мәңгі жадында жаңғырып келеді. Бүгінде облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына қаламгер есімі берілуі де осы ойдың айғағы.

Сыр өңіріндегі қаламы қуатты даңқты тұлғаның бірі – қырғы тілді ақын Асқар Тоқмағамбетов. Оның аймақтың мәдени-әдеби дамуына қосқан үлесі мен сіңірген еңбегі бүгінге дейін аңыз-дай айтылуда. Ақынның өлеңдері мен поэмалары, сықақ әзілдері баспа беті шыққан сәтте елдің назарына ілігіп, «Еңбек жыры» алғашқы өлеңдер жинағы оқырманның оң бағасына ие болды. Оған қоса, проза саласында «Сыр диқаны», «Асыл азамат», «Қыран тұғырдан ұшады» повестері жарыққа шықты. А.Тоқмағамбетов саналы ғұмырында 70-тен астам кітап ұсынған. Қазіргі таңда аласармас ақынның болмыс бітімі өскелең ұрпаққа өнеге болып, Қызылордадағы Мәдениет үйі мен қала көшесіне А.Тоқмағамбетов есімі берілген.

Жалпы Мұхтар Әуезовтің сырбойылық ақынды «Қырғы тілді Асқар» деп атауы бекер емес еді. Асқар Тоқмағамбетов сатиралық өлеңдер мен фельетондары арқылы қоғамдағы моральдық қағидалар мен пендешілікті мінеген өткір әжуалар тудырды. Мысалы ол өзінің «Қағаз бен қалам» атты өлеңінде:

Қағазы бір ақынның
Айтып тұр арыз қаламға:
– Ақ бетімді боямай,
Тыныштық берші маған да,
Тыныштық болсын саған да,
Дегенде қалам қағазға,
Жауап берді ол табанда:
– Мен бетіңді боясам,
Жорыма, достым, жаманға,
Қаларсың мүмкін үлгі боп,
Кейінгі ұрпақ адамға.
Алғыс айтар сол кезде,
Саған да, жазған маған да.

– деп кезеңдегі түрлі ахуалды тұспалмен жеткізе білген.

Өңірдегі өрелі қаламгер тобында жазушылықтан өзге, аударма саласында іргелі еңбек еткен тұлға жетерлік. Қалмақан Әбдіқадыровтай жазушының «Қажымұқан» повесі, «Тапқыш», «Тәтті қауын» атты кітаптары балалар әдебиетін дамытуға айтарлықтай үлес қосты. Жазушы «Мың бір түн» ертегісін қазақ тіліне сапалы аударып, аударма саласында еселі еңбек еткені ел есінде.

Қазақстанның халық жазушысы, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қалтай Мұхамеджанов пен Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов те көркем әдебиеттің көгінде түрлі жанрды алға сүйреді. Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы, «Күткен күн», «Соңғы парыз» туындылары қазақ әдебиетінде ғана емес, әлемдік әдебиетке қосылған үлкен үлес болып табылады.

Сонымен қатар Әбдікәрім Оңалбаев, Әбдікәрім Ахметов, Тілеген Шопашев, Рақмет Батырбаев, Айтбай Хангелдин, Сақтапберген Әлжіков өнегелі өлеңдері, прозалық, сатиралық шығармалар арқылы әдебиеттің қалыптасуына жол ашты. Ал, Зейнолла Шүкіров, Қалжан Нұрмаханов, Сейділдә Төлешов, Әлішер Тоқмағанбетов, Жүсіп Қыдыров, Нәсіреддин Сералиев, Саид Баязитов, Жақсылық Түменбаев, Дархан Сапаров, Мешітбай Құттықов сынды қаламгерлер қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде танытуға күш салды.

Сыр топырағынан шығып, өз туындыларында туған жер тарихы мен халық бейнесін кестелеген белгілі қаламгерлер легі бүгінгі күнге дейін үзілген емес. Оның ішінде Дүкенбай Досжанов, Жарасқан Әбдірашев, Адам Мекебаев, Өтеген Күмісбаев, Тынымбай Нұрмағамбетов, Молдахмет Қаназов, Иранбек Оразбаев, Шөмішбай Сариев, Жадыра Дәрібаева, және Есенғали Раушанов, Қуаныш Жиенбаев, Мағираш Серикова, Байбота Серікбаев шығармашылығын әдеби сұраныстық қамтамасыз етіп келеді.

Сыр елі – қазақылықтың қаймағы бұзылмаған құтты қоныс. Сондықтан қазақ әдебиетінің жауһарларын ұсынған тұлғалардың болмыс-бітімі туралы мақалалар жазып, оқырманға ұсынатын боламыз.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

СЫР СҮЛЕЙІН СҰРАСАҢ...

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Жыл бастамасымен баспасөз бетінде жаңа айдарлар жарық көруде. Солардың бірі Сыр сүлейлерінің шығармашылығына арналып отыр. Өйткені өзіміздің өңіріміздің өнері дәріптеліп, насихаттала беруі керек. Уақыт көшімен қатар ұрпақ жадында жаңарып, жанданып отыруы ләзім.

Жә, сонымен «сүлей» сөзі нені білдіреді? Ол қайдан шыққан атау? Алдымен аз-кем осы жағына тоқталып өтейік. Бір деректерде «сүлей» сөзінің мағынасы тым тереңде жатқан ұлағатты сөз екені айтылады. Түркілерде «сүлей» сөзі «соғыс құдайы» деген мағынаға ие болған. Яғни соғысты болжау шарасының атауы болған деген жазбалар бар көрінеді. Бұл бертін келе түпкілікті мағынасын өзгертіп, өнер құдайы дегенді білдіреді.

Осы атауға ие болған талант иелері Тұран төрінде көптеп саналған. Қазіргі таңда шайырлар шоқтығы дәрпі алашқа жайылып, биігінен бәсеңдеген емес. Тисінше жыраулық дәстүр жалғастығы жанданып келеді. Бұл көңілге қуаныш ұялатады.

Ежелден Сырдария өңірі – небір саңлақтарды тудырып, бесігіне бөлеп тербетіп, қыранша қияға ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс. Тәңірі топырағына тектілік дарытып, тамыры өлең болып соғып тұрған Сыр бойы күллі алаш баласына ортақ жер. Осы өнер қонған ордалы мекеннің бір уыс топырағын түртіп қалсаң шағыл құмы да жыр болып төгіліп жатады. Ақмешітке алғаш қадам бассаң қобыз сарынымен күні бүгінге жалғасқан жыраулық өнер көшіне көңілің толады.

Тарихтан тін тарқатсақ, өнер көшіне ұласқан дәуір тынысы сол заманғы сүлейлер шығармашылығына арқау болған. Ол бертін келе өміршеңдігін дәлелдеп ғасырдан-ғасырға жалғасып, ұрпақ санасында серпін алып келеді. Міне, өмір сабақтастығы, өнер жалғастығы деген осы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткен «Рухани жаңғырудың» негізгі тетігі осы дәстүрлі өнерімізде жатыр. Өйткені ол қанымызға сіңген, бойымызда біте қайнасқан болмысымыз. Ал «Ұлттық код» осы өнер тұтастығының адам санасында қайта жаңғыруы. Бұл тұрғыдан қарағанда Сыр бойының дәстүрлі өнер жиынтығы барлық талапқа жауап бере алатын бірегей туынды деуге әбден болады.

Елбасы «Сыр – Алаштың анасы» деп ат қойып айдар тағуының да өзіндік себептері жоқ емес. Себебі бұл жер өнермен ғана аты шыққаған. Тарихында үш мәрте астана атанған өркениеттер тоғысы. Ел аузында «Сырға барсаң, жыршымын деме!» деген сөздің өзі бекер емес. Бұл жер жыраулықтың қазығын байлаған, өлеңнің қазаны қайнаған қайнар бұлағы іспетті. Киелі өнерді қастер тұтқан Тұран төрі атадан балаға мирас болған асыл өнеріміздің алтын тәжі.

Жыраулық өнер – халқымыздың бүгіні мен болашағын жалғастырған алтын арқау. Елді ынтымаққа ұйыстырады. Ерлік пен елдік, еңбек пен бірлік Сыр сүлейлері мұрасында көркем тілмен әдемі әспеттелген. Қорқыт ата мұраларының ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енгізілуі Сыр өнері үшін үлкен жетістік.

Сырдария бойын жайлай қоныстанған өнер өлкесінде Ешнияз сал бастаған шайырлар шоқтығы көпшілік көкейінде өлмес өнер даңқының дәнін еккен болатын. Қадау-қадау жыр жүйріктерінің ішінде қадап айтарымыз Балқы Базар, Кете Жүсіп, Тұрмағанбет, Алдашбай ахун, Шораяқтың Омары, Жиенбай Дүзбенбетұлы, Нұртуған Кенжегұлұлы. Осындай өнер тарландарының бүгінгі ізбасарлары дәстүр сабақтастығын дәріпті жалғастырып келеді.

Нартай Бекежановтың ән мектебі де өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, Сыр бойындағы дәстүр сабақтастығын ілгері дамытып отыр. Манап Көкеновтің шығармашылық шыңы шартарапқа мәлім. Міне, мұның барлығы – Сыр өнерінің алдаспан өткір өкілдері қалыптастырған жарқын жолдың көрінісі.

Дәуірлер көшінен күні бүгінге дейін жалғасқан төл өнеріміз төрге озып жатса тәуелсіздігіміздің жемісі деп тануымыз қажет. Көне дәуір күмбіріндей сақталған саф өнер көрермен көзайымына айналып жүргеніне куә болып келеміз. Қойнауынан құт кетпеген, байлауынан ат кетпеген аймақ айбары мен ажары ақындық пен жыраулық дәстүр деп дәріптеуге әбден болады. Өйткені бұл жер – талай тарланбоз текті туған таланттар тұғыры.

Біз сөз етіп отырған сүлейлер – үлкен шығармашылық иелері. Олардың әрбірі өзінше тарих. Олардың жазған жырларын оқи отырып, көз алдында көне дүние күмбірі көрініс табады. Жаныңа рух сыйлап, жадыңа жаңаша ой туғызады. Демек жыраулық дәстүр ұрпақ тәрбиелеу жолында айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Жетіасар мәдениетінен бері қарай терең тарих шежіресі мен аңызы шайырлар шығармаларына арқау болды. Сыр сүлейлерінің шығармалары бір күннің немесе бір жылдың жазбасы емес, мәңгіліктің мінбері.

Газетіміздің алдағы сандарында сыр сүлейлеріне жеке дара тоқталып, шығармашылық қырларын саралайтын боламыз.



ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫ: кім қайда жұмсай алады?

Заңға сәйкес ел азаматтары жинағындағы қаржысының бір бөлігін тұрғын үй-жайын жақсартуға, емделуге және жеке компанияларға басқаруға беру құқы беріледі.

Жаңалыққа құлақ түрген көпшілікке еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі Ақмәди Сарбасов жинақтағы ақшаны пайдаланудан үміттілер 3 санатта қарастырылатынын жеткізді. Атап айтқанда:

Біріншіден, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жинағы бар, тиісті жаста «жеткілікті шегінен» асатын сомасы бар жұмыс істейтін азаматтарға жинағының бір бөлігін пайдалана алатын құқық беріледі. Елімізде мұндай мүмкіндікті пайдаланатын 760 мың шамасында тұрғын бар екен. Орта есеппен бір адамға 2,3 млн теңгеден келеді. Белгілі бір сома салымшының шотында қалуы тиіс.

Екінші санат – зейнеткерлер. Оларға зейнетақы жинағының 50 процентін алуға болады. Бұл үшін базалық зейнетақы мен мемлекет тарапынан қосылатын зейнетақыны қоса есептегендегі сома зейнетке шығар алдындағы табыстың 40 процентінен кем болмауға тиіс. Бұл санатқа жататындардың саны шамамен 170 мыңға жуық. Оларға орта есеппен әрқайсысына жарты млн теңгеден келеді екен.

Үшінші – зейнетақы аннуитетін рәсімдеген және БЖЗҚ-да жинағы бар азаматтар. Бұл санат бойынша орта есеппен 23 мың адамның әрқайсысына 2,5 млн теңгеден келеді екен.

Сонымен еліміз бойынша 721 мың азамат зейнетақы қорындағы жинағының бір бөлігін мақсатты пайдалана алады. Мәселен, жер телімін алуға, екінші деңгейдегі нарықтан үй алуға, ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру немесе толық жабу, баспана салуға, жөндеуге немесе кеңейтуге жұмсай алады. Тұрғын үй мәселесіне қатысты уәкілетті оператор – «Отбасы» банкі. Бұл орайда «Отбасы банкінің» басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова халыққа ыңғайлы онлайн платформа қосылатынын жеткізді. Халық тиімді платформа арқылы өтініш беріп,

Басы 1-бетте

«ЖЕТКІЛІКТІ ШЕК» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Заңда көрсетілгендей, жинақтағы ақшаның бір бөлігі кез келгенге берілмейді. Азаматтардың жасына қарай жеткілікті шек белгіленген. Жеткілікті шек дегеніміз – есепшотта қалуы тиіс ең төменгі сома. Мәселен, 20 жастағы азамат үшін жеткілікті шек – 1 млн 720 мың теңге. Әрі қарай жасына байланысты жеткілікті шек белгіленген. Жеткілікті шектен асатын қаржыңыз болса, мақсатты жұмсауға өтініш бере беруіңізге болады.

жинағының бір бөлігін қайда жұмсайтынын таңдай алады. Яғни зейнетақы жинағының бір бөлігін алу үшін есік жағалап, уақыт жоғалтпайды.

Зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй мәселесін шешумен қатар, емделуге бағыттауға да болатыны айтылған. Сонымен қатар жеке компанияларға басқарауға беру құқы берілетінін атап айттық. Бұл туралы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Мария Хаджиева:

– Зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейін инвестициялық кірісті ескере отырып, жинақтар деректері де Ұлттық банктің басқаруына қайтарылады және одан әрі бұл жинақтар кесте бойынша немесе зейнетақы аннуитеті шарты жасалғанға дейін төлемдер үшін пайдаланылады. Яғни жеке басқарудағы бұл ақша зейнетақы жүйесінен шықпайды және салымшының еңбекке жарамсыз болған жаста өмірлік әрекетін қамтамасыз етеді. Бұған қоса компанияның қаржылық тұрақтылығының сақталуын қамтамасыз ету үшін жеке капитал, зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілігі, инвестициялық портфельді басқару тәжірибесі және зейнетақы портфелі шеңберінде сатып алынуы мүмкін қаржы құралдарының тізбесі бойынша талаптар енгізілді. Егер басқарушы компания ұсынатын нақты кірістілік нормативтік-құқықтық акт деңгейінде белгіленетін кірістіліктен аз болса, басқарушы компания заңнама шеңберінде салымшыға өз қаражаты есебінен туындаған айырманы өтейтін болады. Бұл бір жағынан салымшы үшін қосымша кепілдік белгілеуге, екінші жағынан инфляция бойынша мемлекет кепілдіктерін іске асыру бөлігінде бюджеттің әлеуетті міндеттемелерін қысқартуға мүмкіндік береді, – деп түсіндіреді.

ҮЛКЕНІН ҰЛЫҚТАҒАН ҮМІТКЕРЛЕР КЕЗДЕСУІ

«Nur Otan» партиясының қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлері Сәкен Алдашбаев, Гүлмира Рахметова, Анар Ізден және Жорабек Нұрымбетов шаһардағы ардагерлермен кездесіп, үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Кездесуде үміткерлер партияның сайлауалды бағдарламасын таныстырып, қатысушылардың түрлі саладағы сауалдарына жауап берді. Ардагерлер партияның алдағы мақсат-міндеттері туралы пікірін білдіріп, қаланы көркейту төңірегінде ұтымды ұсыныстарын айтты.

– Алдыңғы буын ардагерлер қай саланың болмасын бағдар нышаны екені айқын. Сол себепті түрлі салада еңбек еткен шаһар ардагерлерінің ой-пікірі партия үшін өте маңызды. Мәселен, «Nur Otan» партиясы әлеуметтік мәселелерді шешуде үлкен жетістікке қол жеткізіп келеді. Сайлауалды бағдарламада қамтылғандай, «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобалары жүзеге аспақ. Жобалар көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдауға және олардың азаматтық ұстанымдарын белсенді етуге бағытталған. Тағы бір мысал, 2021 жылы мүгедек жандардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, көмекші компенсатор құралдары мен әлеуметтік қызметтерді өз бетінше алуға мүмкіндік беретін әлеуметтік қызметтердің бірыңғай порталын енгізу қолға алынады. Осы орайда жоспарланған жоба мен бағдарларды жүзеге асыру барысында да тәжірибелі азаматтардың ұсынысы үлкен көмек болады. Сондықтан «Nur Otan» партиясы ардагерлерді назардан тыс қалдырмай, ақыл-кеңесін тыңдауға ниетті. Алдағы сайлауда да бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін қала ардагерлері қолдау білдіреді деп сенемін, – деді үміткер Сәкен Алдашбаев.

Басқосуда сөз алған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубай Әбішев қала дамуына қатысты бағдарламаның басым бағыттарын қолдайтынын айтып, партия тарапынан қала ардагерлеріне көрсетілетін құрмет жоғары деңгейде екенін жеткізді. Жиын соңында қатысушылар сұрақ-жауап алмасып, ардагерлер үміткерлерге алдағы сайлауда сәттілік тіледі.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

2020:ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР

Ел экономикасын тұралатпай, әлеуметтің жағдайын қалыпқа келтіру қиын кезеңде де жүзеге асты. Жыл басында жоспарланған қаншама тірлікке «індет тосқауыл бола ма?» деген күмәннің болғаны рас. Бірақ бұл сындарлы сәттен де сәтті шыға алғандаймыз.

Өткен жылды сараласақ, Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші жылдағыдан төмен емес. Өсім бар, өндіріс қарқын алған. Мәселен, дамудың негізгі көрсеткіші болған өнеркәсіп өндірісінде мұнай, газ, тағам өнімін өндіру жолға қойылған. Сондай-ақ өңірдің басты ауыл шаруашылығы саласында да ілкімді істер көп. Өткен жыл егін егуге де қолайлы болмағаны жасырын емес. Шаруаларды алаңдатқаны аймақтағы су тапшылығы еді. Оның да реті табылып, қисыны келісті. Нәтижесі де көңіл көншітерліктей. Егіс алқабын әртараптандыруды қолға алған мамандар қиын сәттен қиналмай шықты. Қалаға қарасты ауыл шаруашылығы құрылымдары 8746 гектар аумақты әртараптандырып, егін екті. Соның 4000 гектарынан астам жеріне негізгі күріш дақылы егіліп, әр гектарынан 52,2 центнерден өнім алынды. Ет, сүт өндірісі де жылдағыдан 2,2-2,5 процентке өсім алды.

Жыл санап көркіне көрік қосып, өсіп, өркендеу жолындағы шаһарда өткен жылы инфрақұрылымның дамуына басымдық берілді. Көп жыл жөндеу көрмеген көшелер асфальталып, жаяу жүргіншілер жолы салынды. Бұл ретте «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған «Жол картасы» бағдарламасының игілігін атап өткен жөн. Осы бағдарлама аясында қалада 98 жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік туды. Екі жүзден астам көшеге күрделі, орташа жөндеу жұмысын жүргізу, жарықтандыру, кәріз жүйелерін, жылу қазандықтарын жаңарту, елді мекенді ауыз сумен қамту сынды толымды істер атқарылды. Халықтың қыстан қысылмай шығуы үшін жылу беру маусымына дайындық дер кезінде жүргізілді. Мұның барлығы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламсы аясында жүзеге асты. Ал «Ауыл – ел бесігі» жобасымен ауылдық жердегі мектеп, мәдениет үйі секілді нысандар, бірқатар көшелер жөнделіп, жарықтандырылды. Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлер қайта жаңғыртудан өтті. Қаланың инфрақұрылымын дамытудағы басты жобаның бірі – Тәуелсіздік даңғылын жалғастыру мақсатында С.Бейбарыс көшесінің бойынан Қызылжарма каналына дейінгі аумаққа магистралды көше құрылысы жүргізілді.

Шаһарда атқарылған айшықты істің қатарында баспана жайы бар. Жасыратыны жоқ соңғы жылдары өңірде тұрғын үй кешені құрылысы жанданып, жыл сайын айтулы күндерде пәтер кілтін табыстау дәстүрге айналған. Мұндай үрдістен биыл да қалыс қалғанымыз жоқ. Былтырдың өзінде жалпы аумағы 292 237 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліпті. Нәтижесінде 2380 пәтерлі 52 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілген. Жыл басынан бері үй кезегінде тұрған мыңнан астам тұрғын баспаналы болып, қоныс тойын тойлады. Тіпті желтоқсан айының басында тағы 100 отбасы үйлі болса, Тәуелсіздік күнінде көпқабатты 2, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында 15 тұрғын үй ел игілігіне берілді.

Басы 1-бетте

Сырдың сұлу шаһарына айналған Қызылорда қаласында атқарылған істер мұнымен толастамайды. Қалада медицина, білім саласына да қолдау жоғары. Ажарымен бірге халқы да өсіп-өнген аумақта жылдан жылға шағын аудандар да бой көтеруде. Онда қоныстанушы тұрғындар саны артпаса кеміген емес. Бүгінде жаңадан бой көтерген бірнеше шағын ауданда 9 мыңнан астам халық қоныс теуіпті. Соған сәйкес білім ошақтары, емдеу мекемелерінің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілуде. Былтыр жаңадан құрылған «Бәйтерек» шағын ауданында жаңа мектептің іргесі қаланса, Жаппасбай батыр көшесі бойындағы құрылысы 2018 жылы басталған №282 мектеп-лицейінің ашылу рәсімі өтті.

Қала күні қарсаңында қалада «Дәрігерлер аллеясы» мен «Денсаулық» саябағы салынды. Бұл індет кезінде вирус жұқтырған науқастарды құтқаруда басын қатерге тіккен ақ халатты абзал жандарға көрсетілген зор құрметтің белгісі еді.

Тышқан жылы көпшілік айтқандай інге тығылып, күн кешкен жыл болса да, қарап жатпай қарекет қылған да кезең болды. Пандемия салқынымен бірге тіршілік етудің жаңа бағытын, тың бастамасын әкелгендей. Қанша ауыр жыл дегенмен, табысқа толы болғанын да жасыра алмаймыз. Иә, өткен жылға өкпе жоқ. Себебі кем-кетігімізді түгендеп, болашаққа жаңа бағдар алған, тың серпіліс берген жыл болды.

АЛАТАУЫМЕН АЯЛАҒАН АЛМАТЫ

АЛМАТЫ ЖАЙЛЫ БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ...

Бұл қала Қазақстанның ең ірі мегаполисі. Ғылыми, білім беру, мәдени, тарихи, экономикалық, қаржылық, банктік және елдің индустриялық орталығы болып табылады. Қаланың аты – Алматы. Көпшілік оны алманың мекені деп атап та кеткен. Алматы Іле Алатауының бөктерінде, Тянь-Шаньның солтүстік жотасының етегінде, Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Еуразия құрлығының орталығында орналасқан. Алматы қалалық аумағында бақтар мен бақшалар, саябақтар сегіз мыңнан астам гектар жерді алып жатыр. Ал тұрғындар саны шамамен 2 млн-ға жетіп қалды. Өйткені бұл жақта жыл өткен сайын қоныстанушылар қатары артып келеді.

Үлкен қала мәдени ошақтарға өте бай. Театрлар, мұражайлар, сурет галереялары баршылық. Сондай-ақ джаз, рок, ретро фестивальдері осында өтеді. Сонымен қатар Алматыда қаланың ерекше мәртебесін көтеретін Қазақстандағы ірі банктердің бөлімшелері, көпұлтты қаржы институттар мен еншілес компаниялар орналасқан. Көптеген оқу орындарын да осы шаһардан табуға болады. Оған қоса Алматы – демалыс алаңы. Яғни қаланың шет жағында Медеу мен Шымбұлақ тау шаңғысы орталығы секілді көптеген спорт кешені, жанға жайлы шипажайлар, тау арасынан демалыс орталықтары бой көтерген.

ТУРИЗМ САЛАСЫ ДАМЫҒАН ШАҺАР

Алматы біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығында арабтарға, қытайларға, парсыларға, гректерге жақсы таныс болған Жібек жолындағы ең көне қоныстың бірі болып саналады. Қала экотуризмді дамыту үшін бірегей табиғи әлеуетке ие болды. Тарихи-мәдени мұраға бай мекен туризм үшін салыстырмалы түрде тұрақты және қауіпсіз орын болып табылады.

Жыл артқан сайын жаңарған туризм саласы бойынша келушілер қатары көбіне мына аймаққа барғанды ұнатады. Олар – Шымбұлақ, Ақбұлақ, Медеу, үлкен Алматы көлі, Алмарасан, Көктөбе сынды демалыс орындары. Ал ірі туристік аймақтарға мына орындар жатады: Тамғалы, Қарақыр, Іле, Жетісу Алатауы, Шарын, Талғар шатқалдары, Шелек өзені, Бартоғай су қоймасы, Жаркент қаласы, «Көлсай», «Алтын емел», Тамғалы-тас ұлттық парктері, Хан Тәңірі шыңы, Текес, Баяныкөл, Іле өзендері, Нарынкөл төңірегі, Қапшағай, Шоқан Уәлиханов мемориалы, Бұрхан-бұлақ сарқырамасы, Алакөл, Балқаш көлдері.

Соңғы 5 жылда Алматы қаласына келген шетелдік туристер саны өскен. Олардың ең көп ағыны Ресей, Өзбекстан, Түркия, Үндістан, Украина, Оңтүстік Корея, Тәжікстан, Германия, АҚШ, Түрікменстан, Ұлыбритания, Беларусь, Әзірбайжан, Малайзия, Гонконг, Жапония, Франция, Италиядан келгендері байқалады. Бұл елдерден келген меймандардың көршілігі қалаға іскерлік шараларға қатысу үшін, кейбірі жеке іс сапармен келеді. Олардың арасында экскурсияға, сауда-саттыққа, тау мен оқиғалық туризмге сұраныс бар. Оның ішінде кей туристер арнайы бейне роликтер түсіру үшін саяхат жасайды.

СІЗ ҚАЙ ДЕМАЛЫС ОРНЫНА БАРДЫҢЫЗ?

Жалпы қала мен қала маңында жанға жайлылық сыйлайтын демалыс орындары жетерлік. Басында айтып өткендей, жыл сайын Алматыға келетін туристердің қатары да көбеюде. Егер сізге көркем Алматыға жол түссе, бару керек деген көрікті жерлерді ұсынамыз.

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ПАРКІ

Алматыдағы керемет демалыс орындарының бірі. Бұл дендросаябақ қаладағы Бостандық ауданында орналасқан. Серуендеп, жаяу қыдыруға қолайлы жер.

МЕДЕУ ЖӘНЕ МЫҢ ТЕПШЕК

Медеу – жасанды мұз айдыны бар дүние жүзіндегі ең ірі спорт кешені. Бұл Алматыдан 18 шақырым жерде орналасқан. Сәулет өнерінің ерекшелігі мен табиғатының арқасында Медеу мұз айдыны әлемге танымал. Сонымен қатар мұнда келгендер мың тепшекке де көтеріле алады. Бұл да спорттың бір түрі.

ШЫМБҰЛАҚ ШАҚЫРАДЫ

Алматыда бір керемет жер бар. Оны Алматының інжу-маржаны деп те атайды. Бұл – 2510 метр биіктікте орналасқан Шымбұлақ тау-шаңғылық курорты. Мұнда таудың таза ауасымен тыныстап, шаңғы тебуге болады.

КӨКТӨБЕГЕ КӨТЕРІЛІҢІЗ

«Алматы алақандағыдай болып көрінеді» деген теңеуді Көктөбеден ғана айта аласыз. Ол – қаланың оңтүстік-шығысында орналасқан төбе. Биіктігі – 1070 метр. Көктөбе телемұнарасы түрлі-түсті жарықпен қала тұрғындары мен қонақтарын өзіне ерекше тартып тұрады. Биік төбеден Алматының сұлулығын емін-еркін тамашалауға мүмкіндік бар.

Басы 1-бетте

Алматы туралы қызықты деректер: 1994 жылдан бастап Алма-Ата атауы Алматы деп өзгертілді. 1929-1997 жылдар аралығында Қазақстанның астанасы болды. 1981 жылы 19 желтоқсанда Алматының миллионыншы тұрғыны дүниеге келді. Алматыда әлемдегі ең биік мұз айдыны Медеу бар. Биіктігі – 1691 метр.

АЛМАТЫНЫҢ АЛМАРАСАНЫ

Бұл – Алматының оңтүстік-батысында орналасқан тау шатқалы. Демалыс күндері жаяу қыдырып, әдемі пейзаждың куәгері болғыңыз келсе, Алмарасанға бару керек. Шатқалдың жоғары жағында теңіз деңгейінен 2500 метр биіктікте үлкен Алматы көлі бар.

ҮЛКЕН АЛМАТЫ КӨЛІНДЕ БАЙҚАУ КЕРЕК

Көл тереңдігі – 45 метр. Суының сапасы өте жақсы. Бірақ суға түсуге немесе қайықпен жүзуге болмайды. Себебі қауіпті. Сонымен қатар бұл жақта шыбын да, маса да жоқ. Бір таңғаларлығы, көл суының түсі әр мезгіл сайын өзгеріп отырады. Кейде зеңгір көк болса, бірде көгілдір, енді бірде ашық көк түсті болып құбылады.

ШАРЫН ШАТҚАЛЫНА ШЫҒЫҢЫЗ

Бұл шатқал Алматыдан шығысқа қарай 195 шақырым қашықтықта Қытаймен шекараға жақын жерде орналасқан. Оған қоса ұзындығы шамамен 2 шақырым, ені 20-80 метрді құрайтын қамалдар аңғары деп аталатын жер туристер үшін ең қызықтысы болып табылады. Дәл осындай шатқал Қазақстан бойынша Алматыда және Солтүстік Америкада ғана бар.

КЕПТЕРІ КӨП САЯБАҚ

Негізі Алматының кез келген жерінен кептер құсын көре аласыз. Олар адамнан қашпайды. Міне, осындай бейбітшілік құсы көп жер – 28 гвардиялық-Панфиловшылар саябағы. Медеу ауданында орналасқан саябақтың аумағы – 18 гектар. Аталған демалыс орны 19-шы ғасырдың соңында іргесі қаланған қаладағы ең алғашқы саябақ. Оның ортасында «Мәңгілік алау» үнемі жанып тұрады.

ЗООПАРКТІ ҰНАТАСЫЗ БА?

Алматы қаласындағы орталық саябақта орналасқан зоопарк Орта Азиядағы үлкен зоопарктер қатарына кіреді. Жылдың кез келген мезгілінде жануарларды көруге әрі серуендеуге мүмкіндік мол.

АЛМАТЫ ТУРАЛЫ ЖИІ ЕСТИТІН СӨЗДЕР

Расында да, көпшілік арасында осы әсем қала туралы жиі айтылатын пікірлер көп-ақ... Біріншісі, «Алматыда жер сілкінісі жиі болады» деген әңгімені ештитініміз жасырын емес. Иә, ол орынды пікір. Жер сілкінісі болады. Бірақ адам қорқарлықтай дәрежеде емес. Кейде оны алматылықтардың өздері де байқамай қалады.

Екіншісі, «Алматыда күнде жауын» деп жатады кейбірі. Бұл енді шындыққа жанасады. Өйткені бір сәтте қаланың екі басында екі түрлі ауа райы болады. Мұның өзіндік себебі бар. Шаһар Іле Алатауының баурайында орналасқандықтан оңтүстігінде теңіз деңгейінен 1500-1700 метр биіктікте, Медеу шатқалында, Тасты аймақта мұздықтардың суық лебі сезіледі. Оның үстіне Алматының климаты континентальді. Сол себептен мұнда жаңбыр жиі жауады.

Үшіншісі, «Алматыда жұлдыздар көрінбейді» деседі. Иә, сырттан келгендердің айтатыны осы. Алматының түнгі аспанынан жұлдызды көру қиындау. Өйткені оған қаланың жарығы мен тұманы кедергі келтіреді. Әйтсе де жауыннан кейін немесе тұман сейілгенде көруге болады. Онда да анық емес.

Төртіншісі, «Алматы көшелерінде апорт өсіп тұрады» деген пікір жиі айтылады. Үлкендердің айтуынша, бұрын Абай, әл-Фараби, Достық көшелерінің бойында апорт алмаларының бағы болған екен. Ол кезде алманың мол беретіндігі соншалық көшеден өтіп бара жатқан әрбір адам қалағанынша теріп ала беретін көрінеді. Алайда кеңес үкіметі құлаған тұста бақтар қараусыз қалып, талан-таражға түскен. Ал қазір апортты тек таудағы бақтардан аласыз.

Бесіншіден, «Алматының астында құпия туннельдер бар» дейді. Бұл да рас. Туннельдер 28 Панфиловшылар саябағының астында бар көрінеді. Ол туралы Николай Долматовтың «Тайны Алматы» деректі фильмінде көрсетілген. Ал екенші туннель Достық пен Гоголь көшелерінің қиылысында орналасқан. Бұрын ол жерде собордың тазалығына қарайтын монах әйелдердің жатақханасы болған. Алтыншыдан, «алматылықтар сырттан келгендерді жақтырмайды» дегенді де естиміз. Ал бұл қаншалықты рас?

Шындығына келгенде мүлдем керісінше. Алматының адамдары табиғаты секілді жайдары. Қайта сырттан келгендерді жылылықпен өздеріне баурап алатын қасиетке ие. Әркім өз-өзімен, тату тірлікте өмір сүруде. Содан-ақ бұл жақта көпұлтты қала екенін аңғара беруге болады.

Тілші түйіні:

Жүрсең сен аясында Алматының,
Табасын саясында жанға тыным.
Қайтесің Қара теңіз, Қырымдарды?

Артық жер Алматыдан бар ма, күнім? – деп ақын Асылбек Абдрахман жырлағандай, қалтаңызға салмақ түсіріп, шетел аспай-ақ өзіміздің Алматыдай арман қаланы аралауға да болады емес пе, ағайын...

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

АДАМДЫҚ ИСІҢДІ ЖҰРТ АҢСАП ТҰРСЫН...

Естігенімді емес, көргенімді айтайын. Санасында сәулесі барлар серпін алсын. «Айтпасаң сөздің атасы өледі» деген халық даналығы бар. Ашығын айтайық, бүгінде бауырмалдық, туысқандық қасиеттер азайып барады. Әркім жеке пайдасын көксейді, күйттейді. Әлде нарық заманы болғаннан ба екен? Бұл жағы беймәлім.

Жә, сонымен адалдық һәм адамдық қасиеттер жайлы білгенімді бағамдап, ой қорытып, сөз сабақтайын. Рас, бүгінде бұл қасиеттер әркімде әрқалай. Тектілік, мейірімділік – әрбіріміздің рухани дүниеміздің шырақшысы. Жүрегі иманға, көңілі білімге бай адам күн сәулесі секілді көпке нұрын сеуіп, мейірім шапағаты маңындағыларға жылу беріп тұрады. Гүл секілді жұпар исі аңқып, жанына жақсылар жиі жиналады.

Ал бүгінде біздің айналамызда мұндай жандар бар ма? Әрине, бес саусақ бірдей емес. Алайда жақсы жандар азайып бара жатқанын айта кету керек. Қазір көшеде немесе қоғамдық көлікте жүргенде жұртшылықтың жүзінен не байқайсыз? Салқындық немесе сенімсіздік сезіліп тұрады. Бұл бір-бірімізге деген жанашырлықтың жоқтығы. Алла елшісі Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) хадистерінде (Өзгеге не тілесең өзіңе соны тіле. Бір-бірлеріңнен жылуларыңды, қайырымдылықтарыңды аямандар. Біреуге жасаған жақсылығың өзіңе еселеп қайтады. Әр істің қайыры қалай болатыны тікелей өзіңе байланысты» делінген.

Ендеше қарғаның адымындай қысқа ғұмырда жан – жағымыздан жылуымызды аямайық, адамдарды аялайық. Өйткені – өмір қас қағым сәт. Күнделікті тіршілігің бір-ақ күнде өзгеріп кетуі ғажап емес. Бұл – бұрыннан белгілі жайт. Артыңда қалатын – мансабың мен медалің емес. Адамдар арасындағы адалдығың мен азаматтық һәм адамдық қасиетің. Тұрмағанбетше айтсақ «Адамдық исіңді жұрт аңсап тұрсын, не керек қарыңның құр майланғаны». Біздегі орамды ой осыған саяды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Меншік иесі: «СЫР МЕДИА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4422 Тапсырыс №4

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ